



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 90 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 мамыр N 90а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 90

P020090_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта "16" деген сан "17" деген санмен ауыстырылсын;
осы қаулының қосымшасына сәйкес 17-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 21 мамырдағы

N 90а қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 23 қаңтардағы

N 90 қаулысына

17 қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

2002 жылға арналған "Өткен жылдың міндеттемелерін орындау"

006 бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны

500 000 мың (бес жүз миллион) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы

Z010273_

Заңының 28-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі

Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның мақсаты - несиелік берешектің өсуіне жол бермеу туралы

Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасының талаптарын орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері, жұмысшылары мен әлеуметтік төлемдер бойынша қарыздарды өтеу.

Сот органдары шешімі бойынша өткен жылдардың орындау құжаттары бойынша міндеттемелерді орындау.

Жеткізілген тауарлар (өнімдер), орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін заң тұлғалары алдындағы міндеттемелер бойынша қарыздарды өтеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/!Бағ.!	Кіші !Бағдарла. !	Бағдарламаны (кіші	!	Іске	!	Жауапты
с !дар.!	бағ. !маның (кі.!	бағдарламаны) іске	!	асыру	!	орындау.
N !лама!	дар. !ші бағдар.!	асыру жөніндегі	!	мерзімі	!	шылар
!ның !лама!	ламаның) !	шаралар	!	!		
!коды!	ның !атауы !		!	!		
!	!коды !	!	!			

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1 006 Өткен
жылдар

міндетте.
мелерін
орындау

030 Республ. Өткен кезеңде қойылған сот Жыл бойы Қазақстан
калық шешімі бойынша міндетте. Республ.
бюджет мелерді орындауды, өткен қасының
есебінен кезеңде жеткізілген, бірақ Қорғаныс
орындалатын төленбеген тауарлар үшін министрлі.
міндеттемелер заңды тұлғалар алдындағы гі
бойынша міндеттемелерді белгіленген
несиелік тәртіпте орындауды жүзеге
берешек асыру. Белгіленген тәртіпте
несиелік қарыздарды өтеуді
қамтамасыз ету.

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер

Әскери қызметшілер, жұмысшылар мен қызметкерлер алдындағы еңбек ақы төлеу бойынша қарыздарды өтеу сот шығындарын, заң кеңесшілері қызмет көрсетулерінің шығындарын өтеуге қысқартуға, қайта қаржыландыру мөлшерлемесін есептеуді болдырмауға мүмкіндік беретін сот органдарына шағымданудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Өткен кезеңнің орындау құжаттары бойынша міндеттемелерді орындау

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мемлекеттік мекемелерінің бюджеттік шоттарын жаппауға мүмкіндік береді.

Тауар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізушілермен өткен жылдың есеп айырысуына сотқа дейінгі тәртіппен реттеу сот ауыртпалықтарын және олармен байланысты қосымша шығыстарға жол бермеуіне мүмкіндік береді.

Осы бюджет бағдарламаны орындау жөніндегі жалпы нәтижесі 2002 жылғы 1 қаңтардағы жылдық баланста көрсетілген жалпы несиелік қарызды өтеуге мүмкіндік береді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ